



# TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//14 ҚАҒТАР 2021 ЖЫЛ

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

## ЖЕР ҚАДІРІН БАҒАЛАЙ БІЛЕМІЗ БЕ?!



Биле еліміз кастерлі Тәуелсіздігінің отыз жылдығына қалам басты. Тарихи тұрғыдан алғанда қас-қағымдай осынау аз ғана уақыт ішінде газыларға жүк болар ауқымды істер атқарылды. Қазақстан әлемде мәртебелі мемлекет ретінде танылып, орнықты. Халықтың еркін санасы қалыптасып, егемен елдің жасампаз жана ұрпағы өсті.

Осы ретте мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында азаматтарымызды көптен мазалап жүрген жер

мәселесі бойынша да нақты жауап берілді. Онда қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейтіні, ешқашан сатылмайтыны атап айтылды.

Мемлекет басшысы атап өткендей, шын мәнінде, бізге осынау ұлан-ғайыр аумақты сырттан ешкім сыйға тартқан жоқ. Бұл жер – ежелден қазақтың ата қонысы, кастерлі мекені. «Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Осыны әр азаматымыз санасына берік сіңіруі қажет. Келесі жылы Жер кодексінің желделген нормаларына қатысты енгізілген мораторийдің мерзімі

аяқталады. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді айналымға енгізіп, халықтың игілігіне жарату – өте маңызды мәселе. Сондықтан, Биыл Жер мәселесі жөніндегі комиссияны құрып, соның аясында бір байламға келген жөн», – деп жазды Президент «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында.

Мемлекет басшысы қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын екенін айтып өтті. «Бірақ біз соны бағалай білеміз бе?! Жер қадірін білу жалаң ұранмен өлшенбейді. Өкінішке қарай, асқар тауларымыз бен айдың көлдерімізді, ұлан-ғайыр даламызды ластан жатқан да өз азаматтарымыз. Көкжайлауға от жағып, қояқ

шашып кеткен де, Көбейтудің батпағын шелектеп тасып, көлдің ортасында көлікпен ойқастаған да солар. Бір тұтам мүйізі үшін көзін мөлдіретіп киіктерді қырған да өзгелер емес. Қасиетті жеріміздің қисінінен қорықпай, жат жұрттың да қолы бармас әрекеттерді жасап отырып, қалайша осы мекеннің иесіміз деп кеуде соға аламыз? Бұл – ашы да болса, шындық. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет», – деді ол.

### ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР	Risers	Last	%Δ1D	%Δ1M
HSBK	13.01.21 11:37	128,30	+0,30	+3,98
KEGC	13.01.21 11:36	1 699,00	+0,06	+0,30
GB_KZMS	13.01.21 11:35	3 889,98	+0,00	+11,11
KASE Индексі				
	13.01.21 11:34	2 805,94	-0,25	+7,04

АҚША НАРЫҒЫ	Symbol	Last	%Δ1D	%Δ1M
MM Index				
	12.01.21 17:53	8,13	-0,04	+0,20
TONIA				
	12.01.21 17:15	8,14	-0,04	+0,13
TRION				
	12.01.21 16:56	8,16	-0,03	-0,53
SWAP-1D (USD)				
	12.01.21 17:07	7,91	-0,07	+0,34
TWINA				
	12.01.21 16:38	8,49	-0,01	+0,01
SWAP-2D (USD)				
	12.01.21 17:07	8,03	+0,04	+0,03

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР	Deals	Yield	DTM
KFUSb1			
	12.01.21	11,40	-
BASPb8			
	12.01.21	9,65	-
BASPb7			
	12.01.21	10,35	-
CCBNb3			
	12.01.21	117,87	-
CSBNb12			
	12.01.21	11,00	-
INBNb4			
	12.01.21	12,00	-

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР	Deals	Yield	DTM
MUM108_0013			
	11.01.21	9,60	-
MUM132_0005			
	06.01.21	10,20	-
MUM156_0006			
	06.01.21	10,20	-
KZ_06_4410			
	06.01.21	2,67	-
NTK028_2692			
	30.12.20	8,60	-
KZ_05_2410			
	30.12.20	2,48	-

### ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекс	Value	%Δ
KASE	2.794,66	-0.65%
FTSE 100	6.754,11	-0.65%
CAC 40	5.650,97	-0.20%
S&P 500	3.801,19	0.04%
Dow Jones	31.068,69	0.19%
Nikkei 225	28.456,59	1.04%
DAX	13.925,06	-0.08%
Nasdaq	13.072,43	0.28%

Тауарлар	Value	%Δ
Мұнай	56,99	0.41%
Алтын	1.860,40	0.88%
Платина	1.088,80	0.77%
Палладий	2.404,25	0.03%
Никель	1.295,7	0.71%
Алюминий	2.019,00	-0.31%
Күміс	25,630	0.77%

Валюта нарықтары	Value	%Δ
USDKZT	419,140	-0.15%
EURKZT	511,920	-0.08%
USD RUB	73,5173	-0.03%
USD JPN	27,9875	-0.04%
USD BAH	2,5675	0.07%
EUR USD	1,2214	0.21%
GBP USD	1,3695	0.23%

### ЭНЕРГЕТИКА: ӨНІРЛІК ДАМУ

## Электр қуатын жеткізуде іркіліс жоқ



Бұрын энергетиктер күні одақтас елдерде бір күнде аталып өтілетін. Кәсіби мереке 1920 жылы КСРО-ны электрлендірудің мемлекеттік жоспары қабылданына байланысты енгізілген. Еліміз егемендік алғаннан кейін Елбасының Жарлығымен энергетиктер мерекесі желтоқсанның үшінші жексенбісі деп бекітілді.

### ГҮЛБАРШЫН ӘЖІГЕРЕЕВА

«Батыс Қазақстан электр желілерін тарату компаниясы» АҚ жалпы облыстағы, Орал қаласындағы тұрғындарға, өндірістік кәсіпорындарға, мемлекеттік мекеме-ұйымдарға, жеке меншік нысандарға, қыр мен

қыстақтағы шаруашылықтарға түрлі көздерден өндірілген электр қуатын жеткізуден, тартумен айналысады. Бұдан сәл бұрын елордалық компаниялар тобына сенімгерлік басқаруға берілген аталмыш компания

билығы 14 қарамадан бастап мемлекет меншігіне қайтарылып, облыстың коммуналдық меншігіне қайтаруға құжаттары дайындалуда. Компания төңірегінде түрлі кернеудегі 20 мың 500 шақырым әуе желісі, 35 кВ-лық кернеудегі 152 қосалқы станса, көшелерге қойылған 6-35 кВ-лық 3000 дана тұтынушылық қосалқы станса бар. Аталмыш акционерлік қоғамның өндірістік-техникалық қызметінің бастығы Тілек Хариннің айтуынша, биыл электр желілерін, құрал-жабдықтарды, қосалқы стансаларды ағымдағы және күрделі жөндеуге 295 млн теңге қаралып, соның күні бүгінге 256 млн теңгесі игерілген. Бұл пайызға шаққанда 87%-ды құрайды. Соның ішінде 250 шақырымдық әуе желісі, 35 кВ-лық 18 қосалқы станса күрделі жөндеуден өтті. ҚР Энергетика министрінің компанияға қысқа дайындық құжатты беріп. «Энергетиктер ұжымы кәсіби мерекені осындай еңбек жетістіктерімен, лайықты табыстармен қарсы алып отыр.

> [ 3 ]

### ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ



## Қуатты өндірістер кешені

Экономика дамуына қомақты үлес қосатын базалық сала – тау-кен металлургиясының еліміздің ІЖӨ-дегі үлесі 5,9%-ті құрайды. Бүгкі өңдеу өнеркәсібінің үлесі 43,2%-ті қамтитын тірексіз сала инвестициялар тарту бойынша да көпбасыны болып табылады.

### БОТАГӨЗ ӘБДІРЖЫЗЫ

Соңғы он жыл ішінде түсті металлургия секторында өндіріс айтарлықтай ұлғайды, бұл ретте темір рудалары өндірісінде бұрынғы қалыптасқан қарқын сақталды. Баршаға белгілі, сала 5 ірі кәсіпорынын: Еуразиялық топ, Казцинк, Казакмис, АрселорМиттал Теміртау, KazMinerals тобы қызметімен ұсынылған.

> [ 5 ]





# БИЗНЕС&ҚОҒАМ

## АДАЛДЫҚ АЛАНЫ

# Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – әрбір азаматтың міндеті

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы бірлескен іс-қимыл аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі мен Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі басшылығының кездесуі өтті.

### НҮРЛАН ҚҰМАР

Онлайн режимінде өткен жиында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өңірлік департаменттері, министрліктің ведомстволық бағыныстағы ұйымдары, өкімдіктердің ішкі саясат, қоғамдық даму, жастар және дін мәселелері жөніндегі басқармалары, сондай-ақ Қазақстан халқы ассамблеясының өкілдері қатысты.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия аясында жүзеге асырылып жатқан шаралар ведомствоның күн тәртібінде басым орын алатынын атап өтті. «Министрлік азаматтық қоғам институттарын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктеріне біріктірудің маңыздылығын толық түсінді. Бұл олардың нақты тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді», – деп атап өтті министр.

Ағымдағы жылы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде көрсетілген бірқатар мемлекеттік қызметтер қатары автоматтандырылғаны айтылды. Аз, «қағаз баламасынан» толықтай бас тартып, цифрлық форматқа көшу бойынша жұмыс министрліктің барлық салаларында алдағы жылы белсенді жалғаспады.

«Адалдық алаңы» жобалық кенесінің қатысуымен министрлік қызметіндегі сыбайлас жемқорлық



түлектерін анықтау және жою бойынша талдамалық жұмыс жеделдетілді, коммерциялық емес ұйымдарға гранттық қаржыландыру үрдістерін трансформациялау жүргізілді. «Біз министрліктің өзінде түлектерге ішкі талдау жүргізумен шектеліп қалмаймыз. Барлық ведомстволық бағыныстағы ұйымдарда да осы жұмысты жүргіземіз, азаматтармен және компаниялармен кезектесу жұмыстың сервистік моделін енгізуді жалғастырамыз. Министрлік жұмысын түсіндіру және сыбайлас жемқорлық түлектерін туралы хабарлама алу бойынша халыққа арналған бірінші ақпараттық колл-орталық ашу да жоспарда бар», – делі жоба жетекшісі Лима Диас.

Министрліктің онлайн «Білім базасын» құрудың тәжірибесі қызығушылық тудырды. Онда мемлекеттік талпырыс пен гранттарды қаржыландыру шеңберінде үкіметтік емес ұйымдардың соңғы 4 жыл ішінде

жасаған интеллектуалды өнімдері: ғылыми зерттеулер, әдістемелік нұсқаулықтар, есептер ашық желіменділікте орналастырылған.

Министрлікте баса назар мемлекеттік органдардың ашықтық дәрежесін бағалауға бағытталған, ақпаратқа қол жеткізу саласындағы зиянды жұмыс жетілдіру бойынша шаралар пайдаланылды. «Қоғамдық бақылау туралы», «Онлайн-петициялар туралы» заң жобаларына және «Қоғамдық кеңестер туралы» заңға енгізілетін жаңалықтарды әзірлеуде қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқарған жұмыс ерекше назар аударуға тұрарлық. «Министрлік парасаттылық идеологиясын ілгерілетудегі негізгі әріптес болуға тиіс. Қоғамдық кеңестер қызметі саласындағы өзіндік әріптес, қоғамдық бақылау және онлайн-петициялар желісі бойынша новеллалар – мемлекеттік органдар мен қызметкерлік сектор қызметінде, демек, сыбайлас

жемқорлықтың алдын алу ашықтық пен аяқындықты арттыруда серпінді рөл атқаратыны сөзсіз», – деп атап өтті Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет басшысы Алик Шпекбаев.

Сондай-ақ ақпараттық және түсіндіру жұмыстарының өзектілігін атап өтіп, азаматтық қоғамның басты рөліне назар аударды. «Жастар форумдар мен флешмобтарға қатысумен шектелмеуі тиіс – оларды пәрменді іс-шараларға тарту қажет. Осыған ұқсас этно-мәдени орталықтар мен дәстүрлі діни бірлестіктердің өкілдері парасаттылық идеологиясын таратуға және дәріптеуге нақты қатысуы тиіс», – делі ол.

Шара барысында Қазақстанның Азаматтық альянсының президенті Вану Нұрғазиева, «Қазақстандағы парламентаризмді дамыту қоры» қоғамдық қорының президенті Зәуреш Батталова, «Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ басқарма төрағасы Айгүл Соловьева, «Қоғамдық бақылау» тобының үйлестірушісі Саида Тауке-лева сынды азаматтық белсенділер өз ойларын бөлісті.

Атап айтқанда, Айгүл Соловьева: «Министрлік басқа мемлекеттік органдарға транспаренттіліктің көрнекі үлгісін көрсетуде. Өткен жылы АҚМДМ министрлігі қатысуымен 40-тан астам түрлі онлайн-аппликация, онда кез келген ниет білдіруші өз пікірін білдіріп, сұрақ қою алады. Бұл тренді барлық мемлекеттік органдар қолдауы тиіс», – делі ол.

Шара соңында министр А.Балаева агенттіктің ұсынымдары негізінде министрлік сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және парасаттылық қағидағарын нығайту бойынша бірлескен жоба әзірлейтінін жеткізді.

## ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ



WORLD BANK GROUP

### Экономикамыз өсуіне ДБ бағасын берді

Дүниежүзілік банк 2020 жылғы Қазақстан ІЖӨ өсуіне бағасын көтерді. Жаңартылған Global Economic Prospects (бұл 2021 жылғы 5 қаңтарда жарияланды) есептемесі бойынша 2020-ші жылдың маусым айындағы болжанған -3% көрсеткішінен ұлттық экономикамыз өсімі -2,5% құраған.

Ұлттық экономикамыздың өсуін бағалау жақсаруы факторларының бірі экономиканың нақты секторының тұрақтылығын қамтамасыз ету және азаматтардың әл-ауқатын қолдау бойынша өңімделген тімді шаралар болып табылды. Дүниежүзілік банк бизнеске қажетті көмекті, соның ішінде халықтың зарлап шеккен топтарына субсидияланған қаржыландыру және салықтық мәнсауыту, тікелей трансферлерді ұсыну тетіктері арқылы жәрдемдерді өрістеті, сондай-ақ медициналық инфрақұрылымға қолжетімділікті арттыру бойынша шаралардың тиімді болғанын айтады.

Салыстыру үшін ДБ өз есептемесінде мынаны да атап өтті: экономика өсуін бағалау 2020 жылы Венгрияда (-5,3%-дан -5,9%-ға дейін), Аргентинада (-7,3%-дан -10,6%-ға дейін), Мексикада (-7,5%-дан -9,0%-ға дейін), Украинада (-3,5%-дан -5,5%-ға дейін), Қырғызстанда (-4,4%-дан -8%-ға дейін), Грузияда (-4,8%-дан -6%-ға дейін), Әзербайжанда (-2,6%-дан -5%-ға дейін), Арменияда (-2,8%-дан -8%-ға дейін), Индонезияда (0%-дан -2,2%-ға дейін), Таиландта (-5%-дан -6,5%-ға дейін) төмендетілген.



U.S. International Development Finance Corporation

### Орталықазиялық инвестициялық әріптестік орнатылмақ

Америка Құрама Штаттары, Қазақстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы үкіметтері Орталықазиялық инвестициялық әріптестік іске қосылғаны туралы мәлімдеді. Оған қатысушылар аумақтық экономикалық әріптестік пен гүлденуге ықпалдастық жасау мақсатында осы бастамаға басқа елдерді де бірітуге шақырады.

Бастама аясында Өзбекстан Инвестициялар және сыртқы сауда министрлігі, «Астана» халықаралық қаржы орталығы және АҚШ Халықаралық даму қаржы корпорациясы (DFC) бес жылдық кезеңде 1 млрд доллардан кем емес қаржы тартуға барынша күш-жігер жұмсайды, делінген бірлескен мәлімдемесінде.

Бұл ретте әріптестер жобалардың табысқа мейлінше мүмкіндік жасап, жағымды әсерін тигізетініне және аумаққа қосымша жеке инвестициялар жұмылдыратынына нық сенімді.



Asian Development Bank

### АДБ Ыстыққолге жолды қаржыландыра ма?

Азия даму банкі (АДБ) Алматы – Ыстыққол балама жолының Қазақстан мен Қырғызстанға экономикалық әсерін бағалау туралы есептемесін жария етті. АДБ-нің бағалауы бойынша, жана жол, бағытына қарай, жыл сайын қазақстандық ІЖӨ-ге 31-165 млн АҚШ долларын және 53-439 млн АҚШ долларын – Қырғызстан ІЖӨ-не қосып отырмақ.

Екі миллионға жуық халқы бар мегаполис Алматыдағы Ыстыққол жағалауындағы негізгі туристік орталық – Шолпан-Атаға (екі таулы тізбектер арқылы) дейін тура тартқанда, бар-жоғы 80 шақырым ғана. Тауларды айналып өтетін жол ұзындығы – 460 км, бұл желі автотөбелімен 6,5 сағатқа жуық және рейсті автотөбелі бұдан да айтарлықтай көбірек уақыт алар қашықтық.

Азия даму банкі Ыстыққолге желілері жол түстері арғыннан жөптеуірт арттырады деп есептейді. Бұдан басқа, халықаралық саяхатшыларға Ыстыққолге де, Алматыда да болуды әлдеқайда тартымдар етер еді. Бұл Алматы халықаралық әуежайының аумаққа қосымша халықаралық саяхатшыларды үйіріп, маңызды ауотөрабы ретіндегі рөлін арттырады, алматылықтардың өзі үшін Ыстыққолді демалыс күндеріндегі саяхат бағытына айналдырады еді.

Батыс Қазақстан облысы

## ЭНЕРГЕТИКА: ӨНІРЛІК ДАМУ

# Электр қуатын жеткізуде іркіліс жоқ

> [1]

Жасаратыны жоқ, өңірдегі электр желілері, қосалқы стансалар мен жабықтар 81%-ға тозған. Бес жылға арналған инвестициялық бағдарламамыздың аясында биылғы жылға сол тозғы жеткен мүдік-мүқамалды жөндеуге 439 млн теңге бөлінді. Бүгінде сол қаржының 352 млн теңгесі игерілді. Коронавирус пандемиясы жағдайындағы шараларға және тендерлік конкурстардың уақытында өткізілмеуіне байланысты игерілмеген қаржы заңдық негізде келесі жылға игеруге қалдырылды», – делі Тілек Молдашұлы.

Биыл компанияның энергетиктері бірқатар жоспарлы жұмыстарды уақтылы атқарған. Өңірдегі қосалқы стансалардағы 35 қкв-лық 18 майлық ажыратқышты вакуумды түрмен алмастырып, жанартты. Вакуумдық ажыратқыштардың жана түрінін артықшылығы көп, оларды пайдалану шығыны бұрынғысынан 5-6есе төмен, майлық ажыратқыштардың ішінде қымбат тұратын майы болса, жана түрінде майы болмайды, жөндеуге жұмыс қолан бұрынғыдай көп керек етпейді. Мысалға, аудандардағы Қазталов, Бөрлі, Жарсуат, Жанаказан және басқа да қосалқы стансаларында осындай жана ажыратқыштар қойылған. Енді 10 қкв-лық май ажыратқыштардың бесуі жанаңаланып, вакуумдық ажыратқыш орнатылды. Қаладағы 0,4 қкв-лық кабель желісіннің екі шақырмын жөндеуге 25 млн теңгеге жұмсалды. Сондай-ақ облыс бойынша 10 қкв-лық әуе желілеріндегі 23 тонна 35 мм-лік алюминийді-болат сым ауыстырылды. Бұл шаруаға 33 млн теңге жұмсалған. Қыс мезгілінде шалайдағы ауыл-аудандармен тұрақты байланыс үшін бір шағын жабылғы 32 млн теңгеге сатып алынып, іске қосылды. Сонымен қатар 0,4 қкв-лық әуе желісіннің 5,3 шақырмы оқшауланған, яғни қаптамасы бар (СИП) түрмен ауыстырылды. Бұған 60 млн теңге бағытталып, игерілген.

Қазіргі уақытта өңірде электр қуатын жеткізуді компания 2021-2025 жылдарға арналған

инвестициялық бағдарламаны бекітіп, дайындық, жобалау жұмыстарын қолға алды. Облыстың құбылмалы ауа райы жағдайындағы қыс мезгілінің түрлі «мінез-құлқы» көрсетері барша тұрғынға аян. Сондықтан қаһарына мінген қыстың күндері электр желілеріндегі не қосалқы стансалардағы апатты жағдайларды жоюға, шұғыл жөндеу жұмыстарын жүргізуге қажетті материалдар (бағаналар, сымдар, трансформаторлық май, т. б.) сатып алынып, сақталуы тұр.

Кәсіпорында жоғары кернеу желісі қызметінің бастығы Абат Дошанов бастаған қызметкерлер жылдың төрт маусымында тәуліктің 24 сағатында, күн-түн демей жұмыс істейді. Олар білік бағандардағы жоғары кернеулі электр желілердегі апатты жағдайлардың алдын алады немесе салдарын жоюға. Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың түлегі, реліслік қорғау қондырғылары қызметінің бастығы Ербол Бертілеуов – компанияның білікті жаса мамандарының бірі. Ол заманауи қондырғыларды шебер менгерген Әрі Ресейдің Санкт-Петербург қаласынан микропроцессорлық реліслік қондырғыларды қорғау бағдарламаларын оқып, білім-білігін желілеріне келді. Орал қалалық электр торабы мекемесінің кабельдік желі қызметінің бастығы, жаса маман Денис Соловьянов, осы торап мекемесінің әуе желісі қызметінің бастығы Михаил Гуськов, Приураль аудандық электр торабының бастығы, жаса маман Олег Пономарев, Ақжайық электр торабы мекемесінің бастығы Талғат Тапалов өздері басшылық жасайтын еңбек ұжымдарын тұтынушыларға уәзісдік электр қуатын жеткізуге жұмылдырып, талмай тұр төгіп жүр. Электр техникалық қызметтегі шебер Максим Жаксығалиев, Бөйтерек ауданындағы Улкен Шығанау ауылдағы уәзіснен бастығы Қуаныш Хайруллин сынды еңбеккерлер де мақтауға лайық. «Компанияда жұмыс істейтін шеберлердің жалқасы 87 млн теңге, электр монтерлердің айлығы 50-60 млн теңге шамасында. Биыл табиғи монополияларды реттеу агенттігі электр



қуатын жеткізу тарифін көтерген жоқ, өткен жылғы деңгейде қалдырды. Сондықтан ішкі резервтік қордан жөндеу жұмыстарына бөлінетін жана инвестициялық бағдарламалардың қаржы-қаражатын, электр қуатын тасымалдауға кететін 14-15% шамасындағы шығындарды азайту көзделген. Алдағы жана жылдан бастап осындай ұйымдастыру, техникалық шаралар арқылы ішкі резервтен табысты төменгі бұндағы жұмысшыларға 10%-ға, басқаларға 5%-ға өсірудің жолы қарастырылуда», – делі Тілек Харин компаниядағы жұмысшылар тұрақтандыру, қамқорлық бағытындағы жұмыстары жасады.

«БҚЖТК» АҚ-ға қарасты орталық кенесіде, 16 аудандық (Приуралье, Фурманов, Тайпақ және т.б.), Орал қалалық электр торабы мекемесінде, түрлі қызмет бөлімшелерінде 1600-дей адам облыс тұтынушыларына электр қуатын жеткізіп, таратады. Электр энергетикасы саласының мейімандары биылғы қыста облыс аумағындағы қала, ауыл-аудандардағы, аяқ қыстақтардағы жарықтын сөнбей, мазпап тұруын еңбек етеді. Соңғы екі жыл мерзімі ішінде өңірде апатты жағдайлар орын алмағаны, электр қуатын жеткізуде іркілістер болмағаны қуантады. Соңғы жылдары солтүстік аудандармен қатар оңтүстік аудандарда да қыстың күндері электр сымдарына мұз қатып,

желілер істен шығатын жағдайлар кездесіп жүр. Ондайда ұжымдағылар дереу «атқа қонып», жағдайды ретке келтіреді. Тозығы жеткен техниканы жөндеп, ілебайлан іске жаратып жүрген электрліктердің бейнеті зор, олардың өз мамандықтарына адалдығы сүйенетінді. Компания басшылығы жәні ауыса да, негізгі техникалық мамандар құрамы тұрақты. Рас, жаса мамандар жалақы азығынан өндірісте тәжірибе жинап алып, табысы көп шетелдік компанияларға кетіп қалады. «Біздерде жұмыс істеген адамдарды өзгелер құшақ жая қарсы алады. Өйткені бізде база, тәлімгерлік мектеп мықты. Мұнда қызметке 1990 жылғы 27 қарашада келдім. Одан бұрын он жыл Жанакала ауданындағы «Патимар» шеңберінде, Ақжайық ауданындағы Ленин атындағы колхозда инженер-электрик болып қызмет еттім. Биыл зейнеткерлікке шықтым, бірақ басшылық мені жүргізуде демалуға жіберген жоқ», – дейді өз ісінің білгірі, талай сарыауыз мамандардың тәлімгері атанған Т.Харин құлімсіреп.

Бүгінде аталмыш компания облыс аумағына жылына 1 млрд қкв электр қуатын тасымалдайды. Әр үйлі жарықпен, түрлі техниканың жұмысын, өндірістерді электр қуатымен уәзісдік қамтып, ел экономикасының дамуына өзіндік үлес қосуда.

Батыс Қазақстан облысы

**БИЗНЕС&ҚАРЖЫ**

**НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

**▶ ҰЛТТЫҚ БАНК**

**АҚША-КРЕДИТ СЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАЛЫ**

«Базалық мөлшерлемесі» ұғымы заңнамалық тұрғыда бекітілді.

Мемлекет басшысы биыл 2 қантарда қол қойған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға сәйкес, «Базалық мөлшерлемесі» ұғымы заңнамалық тұрғыда бекітілді. Базалық мөлшерлемесі ақша-кредит саясатының негізгі құралы және ақша-кредит саясатының операциялары бойынша сыйақы мөлшерлемелерін белгілеуге арналған бағдар болып табылады.

Сонымен бірге заңнамалық «Базалық мөлшерлемесі» ұғымына ауыстырылған «қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі» ұғымы алып тасталды. Аталған нормалар билығы жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енді. Осыған байланысты 1 қантардан бастап салық салу және келендік реттеуде өсімпұл есептеу кезінде, сондай-ақ төлемдерді, бөтен ақшаны зыңсыз пайдалану және мерзімі өткен сома үшін тұрақсыздық айыбын, берілген ақша сомасын индекстеу, келен бажын төлеу мерзімін кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу үшін пайыздарды индекстеуді кешіктіру кезінде азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастарда базалық мөлшерлемесі қолданылатын болады, деп хабарлайды қаржы реттеуішінің баспасөз қызметі.

2017 жылғы 1 сәуірден бастап қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесінің мәні тиісті күнге белгіленген базалық мөлшерлемесінің мәніне теңестірілген болатын. Осыған байланысты қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін базалық мөлшерлемесімен ауыстыру бұрын қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесі қолданыла отырып есептелген төленетін ақша сомасы мөлшерінің өзгеруіне әкелмейді, делінген хабарламада.

**▶ ОТБАСЫ БАНК**

**ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫ – СЕНИМДІ ҚОЛДА**

«Отбасы банк» қаржы операцияларын жүзеге асыру лицензиясын жаңа қызмет түрімен кеңейтті.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 5 қантарда «Отбасы банк» турғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына қызметтің жаңа түрі – біржолғы зейнетақы төлемдерін аудару үшін жеке тұлғалардың ағымдағы банк шоттарынан ашу және жүргізуге рұқсат берді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа жылдың 2 қантарында қазақстандықтарға зейнетақы жинақтарының бір бөлігін мерзімінен бұрын пайдалануға мүмкіндік беретін заңға қол қойды.

Заңға сәйкес зейнетақы төлемдерін белгіленген мақсаттарға ғана (турғын үй жағдайын жақсарту, емделуге ақы төлеу), арнайы ағымдағы шоттан нысаналы мақсатына аудару жолымен пайдалануға болады. Біржолғы зейнетақы төлемдеріне арналған арнайы шот – үкімет белгілейтін үкелітті оператор арқылы турғын үй жағдайын жақсарту және (немесе) емделу мақсаттарына бірінші жинақтаушы зейнетақы қорынан біржолғы зейнетақы төлемдерін аудару үшін алушы ашатын ағымдағы банк шоты. Сондай-ақ біржолғы зейнетақы төлемдерін аударуға арналған арнайы шоттарды ашу және жүргізуге байланысты қызметтің жаңа түрін айқындау үшін рұқсаттар мен хабарламалар туралы және турғын үй құрылыс жинақ ақшасы туралы заңдарға өзгерістер енгізілді. «Бұл – зейнетақы қорының салымшысына қаражат арнайы ағымдағы шотқа аударғаннан кейін зейнетақы жинағының қауіпсіздігі мен сенімді қолда болуына мүмкіндік беретін бірегей заңнамалық бастама. Қаражат барынша қорғалатын болады, оларды салымшының өзге қарыздық міндеттемелері шеңберінде ешбір несие беруші есептен шығара алмайды. Аталмыш қаражатты салық берешегі бойынша өндіріп алу мүмкін емес, тіпті бұл ақша мүлкітін тәркілеу туралы сот үкімдерінен де қорғалған. Осылайша, ешбір үшінші тұлға оларды талап ете алмайды», – дейді «Отбасы банк» АҚ басқарма төрайымы Ләззат Ибрагимова.

Біржолғы зейнетақы төлемдерінің осылай жіті қорғалуын қамтамасыз ету үшін азаматтық, азаматтық іс жүргізу, қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу кодекстеріне, отбасы және неке кодексіне, Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Біржолғы зейнетақы төлемдері аударылатын арнайы ағымдағы шотты «ЖССБ24» мобильді қосымшасы арқылы және «Отбасы банк» АҚ сайтындағы бейнеқоңурау қызметі арқылы ашуға болады. Сәйкесінше, өтініш берушілерге банк бөлімшелеріне барудың қажеті жоқ. Бұл ретте шотты ашуға байланысты операциялардың барлығын онлайн жүзеге асыруға болады.

Арнайы шот ашпай тұрып, қолжетімді соманы қандай мақсатта пайдаланғыңыз келетінін анықтап алған дұрыс. Өтінімдерді «Отбасы банк» АҚ құрастырған онлайн платформада нормативтік-құқықтық құжаттар бекітілгеннен кейін беруге болады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

**▶ САРАПТАМА**

**Теңгенің өткен жылғы ахуалы**

Өткен жылдың қорытындылары бойынша теңге рубльге қарағанда нығая алғанымен, доллар мен евроға қатысты құнын айтарлықтай жоғалтты. Бағамның кезекті анти-рекордтары да өмірге келді, атап айтқанда – евро, мәселен, қазір тарихында ең қымбат көрсеткішке жетті.

**ИСАТАЙ КАМБАРОВ**


**ДОЛЛАР: ЖАҢА РЕКОРДТЫҚ БАҒАМ ЖӘНЕ НЫҒАЮ КЕЗЕҢДЕРІ**

Қазақстан 2020 жылға бір долларға шаққанда 382 теңге 59 тиын бағамымен кірген болатын. Бірнеше апта қатарынан теңге аздап нығайды, әйтсе де, айта каларлықтай қарқын алмады: 22 ақпанға бір доллар 375,87 теңгеге дейін төмендеді. Артынан мәлім болғандай, бұл ең төменгі шегі еді – 2020 жылғы доллардың құны бұдан аз болмайды.

Ал, наурыз айы ұлттық валютаның күрт құлдырауымен ерекшеленді:

- 10 наурызда доллар бағамы 382,05 теңгені құрады;
- 11 наурызда – 399,6 теңге;
- 13 наурызда – 399,24 теңге;

2020 жылғы рубль бағамы (ҚР Ұлттық банкі мәліметтері бойынша, теңге)



- 14 наурызда – 405,46 теңге;
  - 19 наурызда – 439,32 теңге;
  - 20 наурызда – 448,5 теңге болды.
- Осылайша, бар болғаны 10 күнде доллар бағамы Қазақстанда 17,4%-ға немесе 66,5 теңгеге жуық өскен.


Бұл Қазақстанға коронавирустың енуі, төтенше жағдай режимі енгізілуі, шикізатқа (ен алдымен – мұнайға) әлемдік бағалардың құлдырауы және бөлек жатқан оқиғаларға жауабы ретінде Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін күрт өсіруі аясында орын алды.

Маусым айының басына дейін жалғасқан күрт өсуден кейін, артка шегіну орын алды – сол кезде америкалық валютаның ресми құны 400 теңгеден түсіп кеткен еді. Бірақ теңге сол деңгейінде тұрақтап қала алмады:

10 шілдеде бағам 410 теңге белгісінен тағы да асып түсті. Қыркүйекте доллардың ресми бағасы 420 теңгеге дейін, ал қазан айында тіпті 430 теңгеден асып кетті. 3 қарашада оның бағамы 434,58 теңгені құрап, індеттің «екінші толқындығы» ең жоғары мәнін көрсетті.


Сонғы 2 айда тағы нығаяу тренді байқалды – америкалық валютаның ресми құны тағы да 420 теңгеден төмендеп кетті. Алайда, 2020-шы жыл бұл белгіден сәл жоғарырақ деңгейде аяқталды – 2021 жылдың 1 қантарына доллар бағамы 420,91 теңге құрады.

2020 жылғы евро бағамы (ҚР Ұлттық банкі мәліметтері бойынша, теңге)



3-инфографика

2020 жылғы доллар бағамы (ҚР Ұлттық банкі мәліметтері бойынша, теңге)



2-инфографика

оның бағамы 410 теңгеге құлап кеткен. Дегенмен, еуропалық валюта наурызды 420,8 теңгемем бастайды да, тіпті 495,86 теңгемем аяқтап, алғаш рет бірлігі үшін 500 теңгеге жуық белгіге жақындайды.

Ұлттық валютаның қысқа мерзімді нығаяуына (шілдеге дейін созылды – бағам кейде 450 теңгеге төмендеп кеткен) қатысты кезінен соң, өсімнің жаңа шері басталды, оның үстіне бұл бұрынғыдан да ұзағырақ кезеңге созылып кетеді.

2-ші қыркүйекте евроның ресми құны алғаш рет 500 теңгеден асып түскен.

2 айдан кейін тағы бір жаңа деңгей – 510 теңге биігі алмды. 2020 жыл 516,13 теңге деңгейінде аяқталды – ал бұл жаңа рекорд, бұған дейін республикамызда еуропалық валюта үшін осыншама қымбат ешкім сұрамаған екен.

Айта кету керек, 2020 жылғы халық тарапынан евроға сұраныстың күрт төмендегені байқалады: – айырбастау пункттеріндегі нетто-сату көлемдері 11 айдан қорытындысы бойынша 44%-дан астамға құлдырап кеткен. Бұл тек валюта құнының өсіп кетуі аясында ғана емес, шекараларын жабылып қалуы салдарынан да – туристер Еуропаға кете алмай қалды, тиісінше, ондағы валюталардың біздің түрістер үшін еш қажеті бола қойған жоқ.

1-инфографика

- Ең төменгі бағам: 406,18 теңге (21 ақпан);
- Ең жоғары бағам: 516,13 теңге (31 желтоқсан)
- Айырмашылығы: 110,61 теңге.
- Бір жылғы жалпы серпіні: евро 20,3%-ға қымбаттаған;
- Жыл қорытындылары бойынша бағам өзгерісі: +87,13 теңге (2-инфографика).

**РУБЛЬ: 9 АЙ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ**

Рубльдің жағдайы қарама-қарсы қайшылықта. Ресейлік валюта өткен жылдың басында 6,16 теңге, жыл аяғында – 5,65 теңге тұрды. Сөйтіп, теңге рубльге қатысты 2020 жылы 8,3%-ға нығайған.

Бұл ретте жылды 3 шартты кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- Тез нығаяуы: ақпанның соңынан бастап наурыздың ортасына дейінгі 3 аптада рубль бағамы 5,9 теңгеден 5,3 теңгеге дейін құлап кеткен. Бұл ресейлік валютаның сыртқы факторлар (коронавирус, шикізат бағалары, т.б.) әсерінен, теңгеден ертерек сыр беруінен орын алған.

- Сонан кейін теңге де құлдырап, рубль бағамы 5,7 теңгеге дейін қайта қалпына келген. 5,7–5,8 теңге дәлізінде ол тамыздың соңына дейін тұрақтай алды.

- Қыркүйектен желтоқсанға шейін тағы бір тұрақтылық кезеңі қалыптасты – рубль көп жағдайда 5,5–5,6 теңге аумағында бағаланды.

2020 жылдың соңында ресейлік валютаның құны жаздан бері алғаш рет 5,7 теңгеден асып түсті.

- Ең төменгі бағамы: 5,31 теңге (13 наурыз);
- Ең жоғары бағамы: 6,2 теңге (14 ақпан);
- Айырмашылығы: 0,89 теңге.
- Бір жылғы жалпы серпіні: рубль 8,3%-ға арзандаған;
- Жылдың қорытындысы бойынша бағам өзгерістері – 0,51 теңге (3-инфографика).

**▶ ДЕПОЗИТ**

**Ең жоғары мөлшерлемелер бұрынғы деңгейде қалды**

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры теңгелік депозиттер бойынша 2021 жылдың ақпан айына ұсынылатын ең жоғары сыйақы мөлшерлемелерін бекітті.

ЕРНАР ОРМАНОВ

Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі деңгейі бұрынғы көлемде сақталып отыр. Осыған байланысты, Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының баспасөз қызметі хабарлағандай, қысқа мерзімді депозиттер бойынша ең жоғары мөлшерлемелер бұрынғы деңгейінде сақталды. Сонымен қатар, нарыққа байланысты айқындалатын мерзімді депозиттердің мөлшерлемелері де өзгеріссіз қалады.

Банктердің нақты нарықтық мөлшерлемелерінің азаюына байланысты 24 айға арналған ұзақ мерзімді жинақ салымдардың сыйақы мөлшерлемелері аздап төмендеді, делінген хабарламада.

Депозиттердің санаты	Толықтырылатын депозиттер бойынша, %		Толықтырылмайтын депозиттер бойынша, %	
	2021 Қаңтар	2021 Ақпан	2021 Қаңтар	2021 Ақпан
<b>Мерзімсіз депозиттер</b>	9,0	9,0	9,0	9,0
<b>Мерзімді депозиттер</b>				
3 ай	9,0	9,0	9,5	9,5
6 ай	9,0	9,0	9,5	9,5
12 ай	10,3	10,3	10,7	10,7
24 ай	9,1	9,1	9,4	9,4
<b>Жинақ депозиттер</b>				
3 ай	10,0	10,0	10,5	10,5
6 ай	10,0	10,0	10,5	10,5
12 ай	12,3	12,3	14,0	14,0
24 ай	11,7	11,5 ▼	13,2	13,0 ▼

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының мәліметтері бойынша

# БИЗНЕС&ӨНЕРКӘСІП

## ИНДУСТРИАЛАНДЫРУ

> [1]

Олармен қоса, отандық металлургияны дамытуда соңғы өнімді шығаратын жаңа өндіріс орындарының іске қосылуы да ерекше рөл атқарды. Мысалы, Ақтөбе рельс-аркалық зауыты – ЕАЭО аумағында жолмен нығайтылған теміржол рельстерінің өндірісін құрған бірден-бір кәсіпорын. Компания бүгінде өз бұйымдарын экспорттау бойынша елауір тәжірибе жинақтады. Сол сияқты, Өскемен титан-магний комбинаты корейлік POSCO болат компаниясымен бірлесіп кеме жасауда және энергетикада қолданылатын титан беттері мен соғымаларына қайта өңдеу үшін титан құймалары мен тақталарының инновациялық өндірісін құру жобасын жүзеге асырды. Барлық өнімдер шетелге, атап айтқанда, Оңтүстік Кореяға, Қытайға экспортталады. 2017 жылы «Павлодар» АЭА аумағында «Giessehhaus» ЖШС қуаттылығы жылына 18 мың тонна легирленген алюминий шығаратын, әрі қарай оны жылына 52 мың тоннаға дейін ұлғайтатын зауытты іске қосты. Онда автомобильдерге арналған алюминий дөңгелектер өндірісін құру да жоспарда бар. 2018 жылы селден, қар көшкінінен, құлап қалудан қорғайтын құрылыстарды жобалау, өндіру және монтаждау үшін қолданылатын габиондар (сымды тор) шығаратын зауыт – Токуо Роре Алматы компаниясы құрылды. Кәсіпорын қуаттылығы жылына 17 мың тоннадан астам болаттан жасалған бұйымдарға сай келеді. Сонымен қатар, 2019 жылы Қарағанды облысында YDD Согратіон ірі ферросилиций өндіретін зауыттың іске қосылуы маңызды оқиға бол-



# Қуатты өндірістер кешені

тазартылған мыс өндіру көлемін 8%-ке, қуйма алтынды 35%-ке, сондай-ақ түйіршікті күмісті 25%-ке ұлғайтты. Сондай-ақ Қазақстан электротехника зауыты бастапқы алюминий өндірісінің көлемін арттырды. Бастапқы алюминийдің қазақстандық тұтынушыларымен 11 келісімшарт жасаған отандық кәсіпорын әлемдік нарықта да

өндіретін аффинаж зауыты Лондон бағалы металдар нарығы қауымдастығының GoodDelivery сертификатын алды. Осы сертификатты бар бағалы металдар шектеусіз барлық әлемдік біржаларға сұрауда қабылданады. Өткен жылдың 12 айының қорытындысы бойынша Тау-Кен Алтын аффинаж зауыты 30 тонна алтын

өсуіне бірнеше кәсіпорындарда қол жеткізді. Мысалы, Қостанайдағы Евраз Каспиан Сталь зауыты арматуралық жайма өндірісінің көлемін 8%-ке көтерді. Мемлекеттік стандарттарға сәйкес шығарылатын өнімнің сапасы зауыттың сынақ зертханасында жаңа технологиялық жабдықтармен және бақылаумен қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ Тараз металлургия зауыты ферросиликомарганец өндірісінің көлемін 20%-ке, «Кастинг» ЖШС арматураларды, шарларды және домалақ шыбықтарды тауарлық шығаруды 7,3%-ке ұлғайтты.

Тау-кен металлургия кешенінің дамуы айқын әлеуметтік сипатқа ие. Қазақстан өнеркәсібінің осы саласында 200 мыңнан астам адам жұмыс істейді, яғни, бұл жұмыспен қамту тұрғысынан ең қуатты салалардың бірі. Әрбір отызыншы экономикалық белсенді қазақстандық ТМК-да еңбек етеді. Сала жергілікті қамту үлесін арттырудың драйвері болып табылады, онда 732 кен өндіру кешенінің жер қойнауын пайдаланушы компаниялары жұмыс істейді. 2020 жылдың 8 айында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алудың жалпы көлемі 700,2 млрд теңгені, оның ішінде жергілікті қамту 395,1 млрд теңгені немесе жалпы сатып алуының 56,4%-ін құрды. ТМК компанияларының сатып алуына жергілікті жеткізушілердің қызметі басым, сатып алу көлемі 217,9 млрд теңге, оның ішінде жергілікті қамту 205,7 млрд теңге немесе 94,4%. Мысалы, 2020 жылы АрселорМиттал Теміртаға жергілікті өндірушілерден жеткізілім көлемі 5 миллиардтан 24,5 миллиард теңгеге дейін, ал Қазақстандағы Қарағанды өндірушілерінен сатып алатын тауарларының үлесі 10-нан 15 миллиард теңгеге дейін өсті.

Қазақстанда мыс, алюминий, мырыш, қорғасын, алтын және күміс сияқты негізгі металдар өндіріледі. Бұлар еліміздегі түсті металлургияның негізі. Индустриалды-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасының үшінші кезеңі шеңберінде 4 және 5 қайта бөлу өнімдерінің өндірісін ұлғайту арқылы экспорттық әлеуетті кеңейту міндеті тұр. Бұған минералды-шикізат базасын молайтуды кеңейту, жер қойнауын басқарудың заманауи жүйесін құру, геологиялық барлаудың үздік технологияларын тарту, тереңдікті арттыру және минералды шикізатты кененің әрі ұтымды өңдеу көмектеседі. Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру тау-кен металлургия кешенінің, тұтастай алғанда өңдеу өнеркәсібінің үдемелі дамуына ескінін береді.



ды. Ферросилиций өнеркәсіптік, азаматтық құрылыста, кеме жасауда, авиацияда, автомобильде және басқаларында қолданылады. Бүгінде компания өнімдері жоғары сұранысқа ие, ал экспорттық бағыттар қазір 38 елге жетті. YDD Согратіон зауыты құрылысының жалпы құны шамамен 92 миллион АҚШ долларын құрады. Жоба толығымен қазақстандық және еуропалық инвесторлардың жеке қаражаты есебінен 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ аясында ҚДБ қарызын қаржыландыруды тарта отырып жүзеге асырылды.

Бүгінде экономика дамуының баяулауына қарамастан, өңдеу өнеркәсібі оң үдерісті қалыптастыратын негізгі бағыт болып қалады. Іс жүзінде өңдеуші саланың барлық секторлары бойынша оң динамика байқалады. Соңғы он жылда металлургия саласындағы өндіріс көлемі 1,5%-ке арты. Өткен жылдың қантар-қараша аралығында металлургия өндірісінің көлемі 11,6%-ке – 4,98 трлн теңгеге дейін өсті. 2020 жылдың қантар-қарашасында Қазақстанның металлургия саласына салынған инвестиция көлемі 327,4 млрд теңге болды. Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші Қазакмыс корпорациясы

өз позицияларын ұстап тұруды жалғастыруда. Өнімнің 90%-ін құрайтын экспорт географиясында Ресей, Беларусь, Украина, Өзбекстан, Грузия, Италия, Түркия және басқа да жақын және алыс шетелдердің 20-дан астам елі бар. Тау-Кен Алтын кәсіпорны да оң көрсеткіштерге қол жеткізді. Өндіріс ошағында тазартылған алтын өндіру көлемі



6,4%-ке, күміс өндіру көлемін 46,7%-ке өсті. Өнімнің жоғары сапасын дәлелдеген кәсіпорын сенімді жеткізуші ретінде әлемдік мойындауға ие болды. Тазалығы 99,99%-тен кем емес алтын

өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеуді және аяқталмаған өндірісті азайтуды көздейді. 11 айдың қорытындысы бойынша қара металлургияда өсім 0,4%-ті құрады. Өндіріс көлемінің

өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеуді және аяқталмаған өндірісті азайтуды көздейді. 11 айдың қорытындысы бойынша қара металлургияда өсім 0,4%-ті құрады. Өндіріс көлемінің

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ▶ МАШИНА ЖАСАУ

#### БІРЛЕСКЕН ЖАҢА ӨНДІРІСТЕР ҚҰРЫЛАДЫ

Елімізде мұнай-газ жабдықтарын шығаратын бірлескен жаңа өндірістер құрылады.

Бұл – Мемлекет басшысының машина жасау саласын дамыту жөніндегі тапсырмасын жүзеге асыру барысында бұлттырғы қарашала қол қойылған Мұнай-газ машиналары өндірісін дамыту халықаралық орталығын құру туралы келісімге көзделген мақсаттың бірі. Орталық жұмысының мақсаты жаңа өнеркәсіп орындары мен сервистік орталықтар ашу арқылы Қазақстанның мұнай-газ саласы үшін тауарлар өндірісін оқсаулау, инвестициялық қызметті қолдау болып отыр. «Жасаратыны жоқ, қазіргі уақытта біз жыл сайын \$2 млрд-қа дейінгі сомаға мұнай-газ жабдығын сатып алуға мәжбүрміз. Бұл орталықты құру Қазақстанға жоғары құзыреттерді, сондай-ақ әлемде көптеген бірегей өндірушілерді тартуға ықпал ететін болады. Жаңа технологияларды тарта отырып, мұнай-газ жабдықтарын шығару бойынша кемінде 10 жаңа ірі өндіріс құру көзделген», – деп атап өтті Қазақстан машина жасаушылар одағының басқарма төрағасы Мейрам Пішембаев primeminister.kz-ке берген сұхбатында.

Осы келісімге қол қойып, мұнай-газ секторының ірі жобаларының операторлары өздерінің мүдделілігін растайды. Олардың контрагенттері – жабдықтарды жеткізетін әлемге әйгілі компаниялар. «Біздің міндетіміз – Қазақстанда мұнай-газ жабдықтарын шығаратын бірлескен өндірістер құру мақсатында отандық бизнес пен ірі операторлардың жеткізушілерін түйістіру. Операторлар қызғыштылық таныта отырып, мұнай-газ жабдықтарын сатып алу бойынша шорт-парақтар ашады, шетелден мұнай-газ машиналарын жасау бойынша қалдарлар тартуға ықпал етеді. Бұл орталықта елімізде бірлескен өндірістер құру, технологиялар тарту және өндірісті ұйымдастыру бойынша ақыл-ой ордасы қалыптастырылады», – дейді басқарма төрағасы.

Орталықты мұнай-газ жобаларының операторлары қаржыландырады, ол коммерциялық емес негізде жұмыс істейді.

### ▶ ҰЛТ ЖОСПАРЫ: 100 НАҚТЫ ҚАДАМ

#### ГЕОХИМИЯЛЫҚ ЗЕРТХАНА: ӨНДЕУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ЖОҒАРЫ

Қарағандыдағы геохимиялық зертхана 40 мың геологиялық сынамаға зерттеу жүргізді.

Былтыр сәуірде Қарағанды қаласында нәтижесін әлемдік қаржы институттары мойындайтын халықаралық стандарттарға сай зертханалық-талдамалық зерттеулер жүргізетін «ALS Қазгеохимия» зертханасы ашылған болатын. Бұған дейін Қазақстан геологиялық сынамалардың әлемдік стандартқа сай нәтижелерін алу үшін шетелдік орталықтарға жүгінетін. Өрне, ол ұзақ уақыт пен үлкен қаражатты қажет ететін.

Қазір отандық зертханада сынама және пробирка дайындау бөлімдері жұмыс істей тұр. Мұнда 31 қызметкер жұмыс істейді. Жақын уақытта штатты ұлғайту жоспарлануда. Былтыр шілде-желтоқсан аралығында 40 мыңға жуық сынамаға зертханалық талдамалар жүргізілді. Зертхананың артықшылықтары – заманауи жабдықтар және озық технологиялармен өңдеуші жоғары жылдамдығы. GEMS (LIMS) сынамаларын бақылау әрі тіркелуді автоматтандырылған жүйесі. ALS талдамаларының кешенді құны бәсекелестерінен әлдеқайда төмен. Мұнда 20-дан астам зерттеу әлісі пайдаланылады. Зертхананың жабдықтар кешені биылдың өзінде өнімділігі тәулігіне 1200 сынамаға құрайтын 30 элементті анықтауға мүмкіндік береді, деп хабарлайды Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің баспасөз қызметі.

Зертхана «ALS KazLab» ЖШС мен «Казгеология» АҚ-ның бірлескен жобасы болып табылады.

### ▶ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІП

#### ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ ТАЗА АУЫЗ СУ ЖЕТТІ

Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Сенкібай және Жанатұрмыс ауылдарына таза ауыз су жетті.

Сенкібай елді мекеніндегі ауыз су құбырының құрылысын «Фортис» ЖШС жүргізді. Былтыр сәуір айында басталған құрылыстың жалпы құны 341 млн 663 мың 321 теңгені құраған. Ауыз су құбыры желісінің пайдалануға берілуіне арналған салтанатты шарада сөз алаған аудан әкімінің орынбасары Қайрат Исмаил: «Таза ауыз су – денсаулықтың кепілі екені бәрімізге белгілі. Аудан бойынша сегіз елді мекенде осындай жұмыстар жүргізілді. Соның төртеуі биыл ауыз су жүйесіне қосылып, аудан бойынша ауыз сумен қамтылған елді мекен саны 24-ке жетіп отыр. Бұл Мырзатай ауылдық округіне 500 млн теңгеден астам инвестиция құйылған болса, соның ішінде, 350 млн теңгеден астам қаржы осы Сенкібай ауылына құйылды. Ол қаражаттың 341 млн теңгеден астамы ауыз су құрылысына болғанымен, қалған қаржыға осындағы үш көшеге жарықтандыру жұмыстары жүргізілді. Ауыл халқының табысы көбіне берсін, бүгінгі құныштарыңыз құтты болсын», – деді.

Дәстүрге сай, Сенкібай және Жанатұрмыс ауылдарында ауыз су ғимаратының лентасы қиылып, су қабылдау ғимараттары мен су құбыры желілері іске қосылды. Аталған екі елді мекенде де жергілікті тұрғындар арасынан «Байзақ Су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны арқылы 3 машинист және 1 бақылаушы тұрақты жұмысқа қабылданған.



# БИЗНЕС&ҚОҒАМ

## СЕРПІН

# Жетісу өңірі барлық салада дамып келеді

Аматы облысына қарасты Іле ауданындағы Нұрғиса Тілендиев ауылында жаңа дәрігерлік амбулатория іске қосылды.

### НҮРЛАН ҚУМАР

Жаңа нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Бағдат Қарасаев қатысты. Тұрғындарды қуанышты жаңалықпен құттықтаған аудан басшысы 2021 жылы Междуреченск ауданында да осындай дәрігерлік амбулатория, ал Өтеген батыр кентінде жаңа перзентхана құрылысы аяқталып, пайдалануға берілетінін айтты.

Мұндай жағымды жаңалықтарға аудан тұрғындары да, медицина мамандары да риға.

Дәрігерлік амбулаторияның меңгерушісі Жұмағұл Өтеболовта: «Халық бұрын медициналық қызмет көрсеткен орын өте тар, шағын болатын. Қазіргі ғимарат одан 2-3 есе үлкен. Жұмыс жасауға барлық жағдай жасалған. Медицина мамандары үшін ең бастысы — осы», — деп.

Бұған дейін ауылдық амбулатория болған ғимарат 1965 жылы салынған. Пациенттер мұндағы 4 палатала тиісті ем-домын алатын. Әрине, 3 мыңдай тұрғыны бар үлкен ауыл үшін бұл тарлық етті. Енді елді мекеннің жаңа медициналық құралдармен жабдықталған, сапалы салынған, 25 қаралушыға лайықталған жаңа дәрігерлік амбулаториясы бар. Мұнда 15 медреселік қызмет көрсетіледі.

Ал Қапшағай қаласында 1655 көп балалы және аз қамтылған отбасына шамамен 11 млн. теңгеге қайырымдылық көмек жасалды, — деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қапшағай қаласы әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, аймақтағы меценаттар мен кәсіпкерлер бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін жақсы сезінеді. Мәселен, демеушілердің қаржысына 700 көп балалы және аз қамтылған отбасыға жалпы сомасы 5 млн. 325 мың теңгеге азық-түлік берілген. Тағы 55 отбасыға 1 млн. 540 мың теңгеге көмір алуы берілді. Сол сияқты мүмкіндігі шектелуі 700 баланы 2 млн. 100 мың теңге болатын жаңа жылы арналған сыйлықтармен қуантты. Бұдан бөлек «Мейірімді адамдар» қайырымдылық шарасы шеңберінде 200 отбасыға 2 млн. теңгеге азық-түлік пакеттері таратылды.

Жалпы Қапшағай қаласы мен өңірінде бүгінгі күнге 1655 отбасына жалпы сомасы 10 млн. 965 мың теңгеге қайырымдылық көмек көрсетілген.

Сондай-ақ, Көксу ауданында да 2 млн. теңгеден астам сомаға қайырымдылық көмек көрсетілді. Мақашы және Балтық ауылдық округтеріндегі көп балалы және аз қамтылған отбасыларға түрлі көмек көрсетілді. Бұл ретте өңір меценаттарының көрсеткен қолдауы зор.

Мәселен, ауданның көп балалы отбасыларының бірі жуырда қоныс тұту қуанышына жетті. Меценаттар өз қаражаттарынан 1 млн. теңгеге отбасына үй сатып өперді. Демеушілердің қаржысына 41 аз



қамтылған отбасыға жалпы сомасы 500 мың теңгеге азық-түлік берілді. 40 отбасыға 550 мың теңгеге отын түсіріліп берілді. Сол сияқты 10 көп балалы және аз қамтылған отбасы балалары жанажылық сыйлыққа ие болды.

Сөйтіп, Көксу ауданы Мақашы мен Балтық ауылдық округтерінде тұратын 72 отбасына қазіргі кезде бірлесе көмектесудің арқасында жалпы сомасы 2 млн. 075 мың теңгеге жәрдем жасалды.

Райымбек ауданында тағы бір маңызды нысан іске қосылды. Осыдан бірер апта бұрын ғана Сарыбағатау ауылында 90 орынды бөбекжай балабақшасы күрделі жөндеуден өткізіліп, қолданғысы берілсе, енді, міне, бес мың халқы бар Сарыжаз ауылында 140 орынды «Қуншау» бөбекжай балабақшасы күрделі жөндеуден кейін іске қосылды.

Ауыл тұрғындарының қуанышын бөлісуге арнайы барған аудан әкімі Нұржан Құдайбергенов биылдың өзінде аудан орталығын айтпағанда, елді мекендерде бірқатар нысандар іске қосылғанын атап өтті. Мәселен, М.Мақатаев, К.Шорманов, Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептер күрделі жөндеуден өткізілген. Қақпақ, Жамбыл ауылдарында жалаңан дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға берілген. «Бүгін, міне, Сарыжаз ауылында қарусыз бос тұрған бұрынғы балабақша жана заманға сай қайта жаңғыртылып, бөбекжай балабақшасы ретінде ашылып отыр», — деген аудан басшысы тұрғындарды қуаныштарымен құттықтады.

Сонымен қатар осы ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, жұмысты сапалы атқарған «Еңбек» ЖШС-нің директоры Құрбан Әбілдаев бастаған құрылысшылар қауымының атына жүрежарды алқасын айтты.

Салтанатты сәтте аудандық мәслихаттың хатшысы Ерлан Құдабаев, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бекболат Бірбаев, аудандық «Камкор-2» кәсіподағының төрағасы Ұлықан Әбеков, «Еңбек» ЖШС-нің директоры Құрбан Әбілдаев сөз алып, ауыл тұрғындарына жылы лебіздерін жеткізді.

Жалпы «Қуншау» бөбекжай балабақшасында 6 топта 140 балапан мектептегі тәлім-тәрбие алатын болады. Ғимараттың күрделі жөндеуіне бюд-

жеттен бюджеттен 277 миллион теңге қаражат бөлінген.

Еске салсақ, осыдан екі жарым жыл бұрын Елбасының Жарлығымен қайта құрылған Райымбек ауданы қазір өркендеу үстінде. Ауданды дамыту үшін бюджеттен 18 млрд. теңгеге жуық қаржы бөлінген. Биылғы жылдың өзінде жана құрылыс жұмыстарына 8 млрд. теңгеге қарастырылып, соның 3 млрд. теңгесі «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында бөлінді.

Сонымен қатар Ақсу ауданына Шығыс Қазақстан облысынан 23 марал әкелініп, мал шаруашылығының тын бағыты қолға алына бастады.

Мамандардың айтуынша, марал мүйізін қаны көптеген дертке шипа, ағзаны қалпына келтіріп, оналтуға, аурудың алдын алуға септігі көп. Марал мүйізі қанының құрамында адам ағзасына пайдалы темір, калий, магний, натрий, фосфор, калий сияқты көптеген микроэлементтер бар. Ал сорпасы — сүйек, буан ауруларын емдеуге, адам денсаулығын нығайтуға таптырмай ем.

Ақсу аудандық әкімдігінің мәліметіне сүйенсек, Сұғьсақ ауылдық округінде орналасқан «Аршалы тұр» ЖШС марал өсіру арқылы медициналық туризмді дамытуға көздеп отыр. Шаруашылық қорықтары арнайы қоршалған аумақта ұстайды.

Жана кәсіпке ден қойған Берік Ахмедбергенов емдеу-сауықтұру кешенін ашып, демалыс орыны іске қосуды басты мақсат етіп отыр. Ол мұндай демалыс орынына туристердің көптеп келетініне құмәндәленген. Осы кәсіптің қыр-сырын меңгеру үшін жаз уақытында Катонқарағай арнайы барып, қажет дүниелерді үйреніп қайтқан. Алдағы уақытта маралдардың санын арттырып, осы кәсіпті одан әрі дамытуға жоспарлан отыр.

Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасында жана туған нәрестелерге арналған патология бөлімі ашылды. Енді мұнда шұғыл медициналық көмекті қажет ететін сәбилерге арнап барлық жағдай жасалған, — деп хабарлайды Алматы облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бұл ауруханада осыған дейін патология бөлімі болмаған. Аурухана әкімшілігінің мәліметіне қарағанда, осы мекемеде сәбилердің 55% түрлі патологияны немесе мерзімнен бұрын өмірге келеді. Бұл ретте ауыр

босанған аналарды, шала туған балаларды қаладық, облыстық деңгейдегі балалар ауруханаларына, арнайы ғылыми орталықтарға апаруға мәжбүр болатын. Ендігі жерде жедел көмек осы аурухананың жаңадан ашылған патология бөлімінде көрсетіледі.

Патология бөлімінің ашылу рәсіміне қатысқан республикалық педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығының төрайымы Риза Боранбаева сөз алып, жақсы жаңалықтың ана мен балаға тигізетін мол пайдасы туралы кенінен әңгімеленді.

— Перинатология және неонатология саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткіздік. Білікті кадрлар дайындау еліміздегі жетекші жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнаттық. Мұндай қарым-қатынастар өз нәтижесін беруде. Соның бір дәлелін өздеріңіз көріп отырсыздар. Түрлі патологиялық өзгерістермен туған сәбилерді енді ары-бері тасымалды. Осындағы перзентхана жанынан алғашқы көмек беретін бөлімнің ашылуы үлкен жетістік. Сол арқылы біз нәрестелердің өміріне төтен қауіпті сейіттеміз, — деп Риза Боранбаева.

Алматы көпсалалы клиникалық ауруханасы облыстағы ірі медициналық мекеме. Бұл жерге әсіресе, облыстық онкология институты тұрғындарды көптеп жүгінеді. Ондағы халық саны 1 миллион 300 мыңнан асады. Осының өзі-ақ ауруханаға артылған жүктің онкология емесінің өсіп келеді. Аурухана директоры Эльмира Ахметова жаңадан ашылған патология бөлімін жана-жақты таныстырды.

— Енді бұл бөлімді көп жылдық тәжірибесі бар дәрігер, медицина ғылымының кандидаты, доцент Қарлығаш Жұбанышева басқаратын болады. Қалған дәрігерлер де шет елдерде білімін шыңдаған білікті мамандар. Мұнда ультратыптық зерттеу аппараттары, жасанды тыныс алу құрылғылары және басқа да құрал-жабдықтар жетерлік. Ана мен бала денсаулығын үнемі өз бақылауында ұстап отыратын облыс әкімі Аманжол Баталовқа алғысымыз шексіз. Биыл аурухана жана медициналық құрылғылармен толығы түсті, — деп Эльмира Ахметова.

Жаңадан ашылған бөлім 10 орынға арналған. Онда ем алып жатқан сәбилердің жағдайы туралы аналардың өзі айтып береді.

— Нәрестемді жеті айлығында босандым. Ғуғанда салмағы аз және өте әлсіз болды. Бүгін, міне, онының күн, жағдайымыз жақсы. Осындай бөлімнің ашылуына қуандық, ақ халатты ағзалар жанағара ризашылығымыз шексіз, — дейді нәрестелі болған ана Назым Сердалиева.

Жаңадан ашылған патология бөлімі сәбилердің өмірін сақтап қалуға, өңірдегі нәресте өлімін азайтуға мүмкіндік береді.

Еске салсақ, 2018 жылы осындай неонатология орталық Талдықорғандағы облыстық көп салалы балалар ауруханасының жанынан ашылған болатын.

## НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

### ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

#### ӨНДІРІСТІК ҮДЕРІСТІ ЖЕДЕЛДЕТЕДІ

Нұр-Сұлтан қаласында ModeX үй құрылысы компаниясының автоматтандырылған конвейерлік желісі іске қосылды.

Кәсіпорында құрылыс мерзімін қысқартуға, оның сапасын арттыруға және тұрғын үйін өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік беретін, АҚШ, Сингапур және Германияда қолданылатын ірі блокты үй құрылысының инновациялық технологиялары енгізілген. Модульдік блоктар тұрғын үй келесіндері, көтеждерді, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын, оның ішінде оқу орындарын, сауда павильондарын, қызметтік үй-жайларды және т.б. салуда да пайдаланылады. Ірі блокты үй құрылысы климаттық жағдайларға төзімді емес, өйткені жұмыстың 90%-ы — арматура байланымын бастап тәуірде модульдерді қалыптастыруға дейін кәсіпорында жүзеге асырылады, бұл барлық өндірістік үдерісті жеделдетеді. Мәселен, болашақта тәуірдегі 16 қабатты тұрғын үйді салу үшін тек төрт ай уақыт қажет болады. Яғни ірі блокты үй құрылысы саланың серпіні дамуына, еліміздің тұрғын үй және әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы көлемін кеңейту жөніндегі міндеттерді шешуге ықпал етеді.

Модульдерді өндіруге қажетті негізгі материал — керамицитбетон. Кәсіпорынның темирбетон өнімі жоғары беріктігі мен ұзақ мерзімділігіне жасалған «ЖазКСҒЭИ» АҚ сынағынан сәтті өтті. Көп сатылы операциялық бақылау мен автоматтандырылған жоғары деңгейінің арқасында жоғары сапалы өнімді қол жеткізеді. VI Group құрылыс холдингінің еншілес кәсіпорны — үй құрылысы компаниясының жобалық құжаттылығы жылына 200 мың шаршы метр баспана тұрғызуға жеткілікті. 2023 жылға дейін жалпы жобалық құрамы 500 мың шаршы метр тұрғын үйді үш кезегін салу көзделген. Осы ретте I мыңнан астам жұмыс орыны ашылады. Алдағы уақытта Алматы мен Шымкентте ірі блокты үй құрылысы зауыттарын ашу жоспарлануда.

### МЕМЛЕКЕТТІК-ЖЕКЕШЕЛІК ӨРІПТЕСТІК

#### БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫН ҮНЕМДЕУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Мемлекеттік-жекешелік өріптестік аясында 170 мың орындық 50 мектеп салынады.

Білім беру саласындағы шешімін күткен өзекті мәселелердің бір мектептердің жетіспеушілігі, үй аумағында оқуы жана апатты мектептерді жою болып табылады. Бүгінде өңірлерде 34 апатты жағдайға, 151 үй аумағында мектеп бар және барлық 17 өңір бойынша жалпы табылдық 168 мыңнан астам оқушы орын құрайды. Бұл ретте демографиялық трендтерге және мектептердің тозуына байланысты осы көрсеткіштің артуы болжанып отыр. Аталған проблемаларды шешу мақсатында жыл сайын республикалық бюджеттен орта есеппен 175 млрд теңге бөлінеді. Бұл мәселені тауу болашақта тек мемлекеттік бюджет есебінен реттеу үлкен қаражат бөлуі талап етеді. Сондықтан балама шешім ретінде өрбір оқушы үшін жана басына қаржыларды форматтапқы мемлекеттік қолдау құралын қамтитын МЖӨ жобаларын іске асыру қарастырылып отыр. Осы ретте қолдау шараларының кеңейтілген пакетін жариялау жетекші отандық құрылыс салушылар тарапынан үлкен қызығушылық тудырды. Атап айтқанда, қазіргі уақытта VI-Group холдингі жана бұнындағы «VINOM мектептері» салу жобасын қолға алды. Холдингі еліміздің барлық өңірлерінде 170 мың орындық 50 мектепті кезек-кезімен салуды жоспарлап отыр. Мектептердің басым бөлігі тапшылық байқалған Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында салынады. Жана бұны мектептерді неғұрлым заманауи материалдық-техникалық жабдықталуымен, мұғалімдер мен оқушылар үшін жоғары қолайлы жағдайлармен ерекшеленетін болады, он әлеуметтік нәтижеге қол жеткізуге қажет, бюджет қаражатын айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді.

Осы ретте бірінші вице-премьер Ә.Смайыловтың төрағалығымен өткен кеңесте айтылғандай, мектептер пайдалануға берілгеннен кейін 5 жыл өткенде мемлекет меншігін беріледі.

### ЭКОЛОГИЯ

#### АЙЫППҮЛ КӨЛЕМІ АРТАДЫ

Жана Экологиялық кодекске сәйкес, ауаны шамадан тыс ластайтын автокөліктерге салынатын айыппұл мөлшері артады.

ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (334 бап) енгізілген өзгерістерге сәйкес, шығарындардағы ластаушы заттарын мөлшері белгіленген нормативтен асса, жеке көлік көесі 10 айлық, занды тұлғалар 100 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді. Ал зана бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса — жеке тұлғаларға 20, занды тұлғаларға 200 АЕК айыппұл салынады. Жана норма ішле айында күшіне енеді. Әзірге қолданыстағы заңнамға сәйкес жеке тұлғаларға есептеу жасалмай немесе 2, қайталанған жағдайда 5 АЕК жана айыппұл жазылады.

Сонымен қатар өңірлердің экологиялық проблемаларын кешенді шешу жөніндегі Жол карталарында автокөлік шығарындарынан азайту бағытындағы іс-шаралар да қарастырылған.

Айта кетейік, автокөліктен шығатын ластаушы заттар нормативтерінің сақталуы Экология департаменттері газталдағыш «Актау», «Мета-01», т.б. өшеу құралдары арқылы тексеріледі.

## КӘСІПКЕРЛІК

# Халал кәсіпорының тынысы

Оралдық «Высший сорт» ЖШС-ның еліміздің нарығына өз өнімдерін шығара бастағанына екі жыл болды. Бүгінде қазақстандық-ресейлік бірлескен кәсіпорында 10 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Серіктестіктің басшысы Денис Кирилловтың айтуынша, әзірге қазақстандық шұжық өнімдерінің он бес шақты түрі өндіріледі. Компанияның өнімдері «Высший сорт» тауар белгісімен танымал. Өнім түрлеріне Қазақстан бұсылмандары діни басқармасының халал сертификаты берілген. «Тәуілігіне бес тонна ет өндiреміз. Өңірдегі сыйыр етінін сапасы жоғары бағаланады. Өнімдерімізді келісімшарт бойынша Теніз кен орынын игеруші компанияларға өткізедіміз. Сонымен қатар шұжық өнімдерін Маңғыстау облысының орталығы — Ақтау қаласындағы сауда орындары және Оралдағы «Алтын» супермаркеті, «Дина» гипермаркеті, өзiмiздi фирмалық дүкенiмiз арқылы тұтынушыларға

ұсынуымыз», — деді Денис Кириллов.

Ет өндeушi кәсiпорын сыйр мен жылқының сапалы етін жергілікті шаруашылықтардан келісім бойынша сатып алады. Халал стандартына сай сойылған мал етінін сапасына мән-мәніз беріледі. Өндірістіктер шұжық өнімдері өндірісінде консерванттар мен дәмділігін арттыратын химикаттар қолданымайтынын айтады. Өнімдері табиғи таза, құнарлы, сапалы. «Соған орай сапалы өнімдердің бағасы да орташа көрсеткіштен жоғары. Тұтынушы алдымен өнімді сатып алып, дәмін көреді, содан кейін сол бағаға тұратынын тұрмытайтын аяқтайды. Өнім өткізудегі басты мәселе азаматтардың сапалы өнімді сатып алу мүмкіндігін тереңдету. Қазіргі коронавирус пандемиясы жағдайында азаматтардың өнімдерді сатып алу мүмкіндігі төмендегені байқалады. Ақтауда оралдық шұжықтар үлкен сұранысқа ие. Орал шаһарында ет өндeушiлер баршылық, сондықтан өнімді өткізуде қиындықтар кездеседі.



Бірақ біз өнімдеріміздің сапасының арқасында өз орнымызды табымыз», — дейді Д. Кириллов.

Ет өндeушi серіктестіктің өндірістік шеңберін құрылысы еуропалық стандарттарға сай салынған. Ондағы құрал-жабдықтар неміс өндіріс-шілерінің қолынан шыққан. Өнім өндіру үратіс барлық технологияларды қандай да бір сақтай отырып жүр-



гізеді. Заманауи тоназдықтартар мен муздатқыш камералар сатып алынған. Жас кәсіпорын ағына тұрып, алдағы уақытта өндіріс көлемін ұлғайтуды, өнім түрлерін молайтуды көздейді. Солай болған күнде де халал кәсіпорын болып қалуды мақсат тұтқан.

Гүлбаршын ӘЖПЕРЕЕВА,  
Орал қаласы

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

# МӘДЕНИЕТ&SPORT

## ▶ БАСКОУ



### Икемді әдіспен басқару – бизнес дамуының кепілі

Алматыдағы «Сбербанкін» басты кәсіпесіне БАҚ өкілдеріне арнаған «Agile жобасының тиімді әдістемелік басқаруды қалайша жүзеге асыруға болады?» атты тақырыпта конференция өтті.

#### АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Ресейден келген арнайы маман Николай Борисов журналистер қауымына жаңадан шыққан Agile жобасының бизнес саласына тигізетін ықпалдарын, тиімділігін егжей-тегжей түсіндірді. Сонымен қатар ол Agile жобасы өте тез әрі жеңіл, одан тарайтын Scrum, Kanban жобалары бір-бірімен тығыз байланысты екендігін атап өтті.

Журналистер өкілі Agile бойынша қалай бизнес-жоспар өткізу керектігі бойынша ойын түріндегі тәжірибеден

өтті. Конференция барысында қаламгерлерге Икемді (Agile) жобаны басқару, Scrum әдісі бойынша жобаларды басқару негіздері, Scrum әдісінің жалпы сипаттамасы, Scrum жобасының өмірлік циклі, Спринт Анықтамасы (Sprint), Scrum жобасының негізгі артефактілері, Scrum әдісі бойынша жобаны ұйымдастыру жайлы мәліметтер таныстырылды.

«Сбербанк» АК ЕБ баспасөз хатшысы Гүлмира Мухометова бұл жоба экономика тақырыбында жазатын БАҚ өкілдері үшін таптырмайтын үлкен тақырып екендігін, болашақта Agile бизнестің барлық саласында табылалығын жеткізді.

Басқосудың соңында журналистерге «Agile қалайша бизнеске тиімді ықпалын тигізеді» деген сертификаттар табысталды.

## ▶ ДУБІРА ДОДА



### Жеаяқтарға арналған жарыс қайта жанданбақ

Бытыр еліміздегі жағдайға байланысты көптеме белгіленген марафон жарысы өткізілмеген болатын. Жалпы біздің елімізде ғана емес, дүниежүзіне жеңіл атлетикадан жарыстар өткізілмеді. Қазірде әлемде Covid-19 вирусы өршіп тұр.

#### АЙБОЛ КӘДІРБАЙ

Дегенмен де елімізде бұқаралық жарыстар өткізілуі жоспарда бар. Бұған дәлел, жақында «Алматы марафонына» тіркелу рәсімі ашылды. Жарыс көптеме жоспарланған. 2012 жылдан басталған жарыс биыл осымен оншыны рет өткізілмек.

«Алматы марафоны» он жылдан бері Орталық Азиядағы ең ауқымды марафон болып саналады. «Алматы марафоны» өткізілген он жыл ішінде әуесқой жүгіру дене белсенділігінің ең танымал және ең қолжетімді спорт түрлерінің біріне айналды.

Алғашқы «Алматы марафоны» 2012 жылы өткізіліп, спорттық іс-шара ретінде ғана емес, қалалық мереке ретінде де хоспарланған болатын. Алғашқы сөреге 2,5 мыңға жуық адам қатысты. Бір жылдан кейін, 2013 жылы марафон Халықаралық марафондар мен жүгірістер қауымдастығына (AIMS) енді, ал жолары ИААФ Халықаралық жеңіл атлетика федерациялары қауымдастығының ережелеріне сәйкес сертификатталды.

«Алматы марафоны» құрылған бірінші жылдан бері қатысушылар қаражатының бір бөлігі қайырымдылық мақсаттарын іске асыруға жұмсалды. Жыл сайынғы қайырымдылықтың мақсаты, ерекше қажеттіліктері бар балалар, аз қамтылған отбасылардан шыққан немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тәрбиеленетін немесе оқитын балалар мекемелері болып табылады. Әрбір таңдалған нысанда спорттық нысандар салынып, спорттық жарық-жарық немесе медициналық жабдық сатып алынды. Осы жылдар бойы «Алматы марафоны» қатысушыларының арқасында 22 қайырымдылық мақсаты іске асырылды.

2020 жылы «Алматы марафоны», жарыс басталатын күннің қарсаңында жарияланған коронавирус пандемиясына байланысты тоқтатылды. 2021 жылы сөре сызығында жұқпалы ауруларға қарсы қауіпсіздіктің барлық шаралары сақталды және олардың сақталуы барынша бақыланды.

— 2020 жылы, үнемі спортпен шұғылдану арқасында иммунитет әртүрлі жұқпалы аурулармен күресуге ынталандырылатынын айту керектігі. Ешбір дәрі-дәрмек вирустармен күресте мықты шыңдалған ағза сияқты тиімді болмайды, — деп түсіндірді «Алматы марафонының» директоры Салтанат Қазыбаева.

## ▶ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ

### Болашақ чемпиондарға барлық жағдай жасалған

Жуырда Алматы облысының Қарабұлақ ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешіні ашылды. Салтанатты шараға облыс әкімі Амандық Баталов, грек-рим күресінен Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, облыстық спорт басқармасының басшысы Нұрбайқы Тенісбаев, еркін күрестен Атланта Олимпиадасының қола жүлдегері Мәулен Мамыр, қарагөзен Әлем чемпионы Мерей Сүйінов және аудан жұртшылығы қатысты. Бұл – облыста ашылған 10-шы спорт кешіні.

#### НҰРЛАН ҚҰМАР

Облыс әкімі А.Баталов алдымен бұл нысанның Елбасының 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешінін салу туралы және Президентің Жолдауындағы барлық жастағы ел азаматтары арасында бұқаралық спортты дамыту туралы тапсырмаларына сәйкес ашылып отырғанын тілге тиек етті.

— Заманға сай дене шынықтыру-сауықтыру кешінін ашылуы – көптен күткен қуанышты жаңалық. Бұрын Қарабұлақтың спорты жастары арнайы орын болмағандықтан, спорттық ойындарды тұрмыстық залдарда, жерөлесте өткізіп жүретін. Бұл өңірдің, әсіресе, волейбол ойындағы шеберлігі маған жақсы таныс. Енді, міне, осындай зәулім, кең, барлық жағдайы жасалған спорттық кешенде жаттығып, жастарды тәрбиелетіпін боласыздар. Спортқа жақын адам түрлі теріс қылықтардан әрқашан аулақ

жүреді. Күні ертең бұл жерден біздің мақтаныштарымыз Жаксылық Үшкемпіровтеі, белгілі спортшылар – Мерей, Мәулен мен Нұрбайқы сияқты мықты азаматтар тәрбиеленіп шығады. Баканаста, Нарынқолда, Балпық биле осындай кешендер іске қосылса дайын тұр. Ескелді ауданында ашылып отырған бұл нысан – облыста салынған 10-шы спорттық кешен. Өздеріңіз көріп тұрғандай, далада трибунасымен футбол алаңы да жасалған. Елбасымыз бен Президенттің тапсырмасына сәйкес келесі жылы да осындай жұмыстар жалғасады, — деген Амандық Баталов жаңа спорттық-сауықтыру кешінен Нұрбайқы Тенісбаевтың аутобусының кітін сыйға тартты. Енді балаларды спорттық жарыстарға тасымалдауға қиындық болмайды. Дәл осындай автокөлік бағдарындағы спорт мекемелері беріледі.

Қарабұлақтар атынан ардагер спортшы Манат Рақымшәліов сөз алып, аудан спортшылары үшін үлкен мүмкіндік жасалып отырғанын атап өтті, ел басыларына ынталы ризашылығын білдірді. Мұнан соң кешенді тұрғызып «Құрылыс ТБС» мердігер компаниясының басшысы Батырхан Тоқтаев нысанның символикалық кілтін кешен басылығына тапсырды. Аудандық ардагер кешенінің төрағасы Бимұрат Көпбайұлының ақ батасынан кейін кешеннің дентасы қиылып, шауу шашылды.

Көпшілік спорт кешінінің ішін аралап, жаттығу залдарында болды. Облыс әкімі Амандық



Баталов бокс, күрес, тренажерлік залдарға кіріп, спортты серік еткен балалармен тілдесті, оларға бокс қолғаптарын, күреске арналған спорттық киімдер үлестірді. Ардагер спортшылар волейболдан жолдастық кездесу өткізіп, ойын көрініп қыздыры.

Жалпы Қарабұлақтағы бұл кешен «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы бойынша салынды. Бүгінгі күні облыста 10 ДСО іске қосылса, осындай тағы 7 нысанның құрылысы аяқталуға жақын, соның іші – Талдықорғандағы теңдесі жоқ Олимпиадалық стандартқа сай «Талдықорған» орталық бассейні.

Атап өтсек, Алматы облысында 2020 жылы дене шынықтыру мен спорт саласын дамытуға жергілікті бюджеттен 1,5 млрд. теңге бөлінген. Бұл спорт мекемелерінің материалдық-техникалық базасы нығайтуға, спорттық нысандарды жаратандыруға жұмсалды.

## ▶ ТАЛБЕСІК

### Табиғатты қорғау – мемлекеттік маңызы зор іс

Бытырғы жылдың жазында Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстанда жан-жануарлардың, құстардың, балықтар мен өсімдіктердің оңдаған түрі жойылып кету қаупінің алдында тұр. Табиғатты қорғау – мемлекеттік маңызы зор іс», — деп атап көрсетті. Сондай-ақ Мемлекет басшысы өзінің Твиттер әлеуметтік желісіндегі парақшасында адамдардың планетаны қоршаған ортаның ластануынан құтқару үшін бірігіп керткінін айтты. «COVID-19 біздің жауапсыздығымызды, табиғатқа ұқыпсыз қарымдылығымызды көрсетті. Ұрығамыз үшін осы әлемді тазару үшін әзірленген саясат қалайық», — деп Президент. Бұл мәселе әсем табиғаты талайды тамсандырып Қазақстан үшін де аса өзекті болып отыр.

#### САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Жақында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті кінктерді қорғау мен олардың жағдайларын бақылау шараларын күшейтті.

Сөбісі осы уақытта ақбөкендер Қарағанды және Ақмола облыстарының елді мекендері мен автомобиль жолдарының маңында жиі байқала бастады. Олардың ішінде әсірлен қалған мүйізді кінктер көп. Бұл 2020 жылдың желтоқсан айында өткен күйек кезеңінің салдары.

Бұдан бөлек кінктер жауған қар мен күннің құрт сытып, ауа температурасының соңғы 5-6 күнде – 40 градусқа дейін төмендеуі де ақбөкендердің жағдайына өсерін тигізіп жатыр.

Аталған факторлар кінктердің тіршілігін, азықтандырылуын қиындатып, өміріне қауіп төндіріп жатыр. Жыл басынан бері 14 кінк өлімі тіркелді.

Мұндай жағдайда жануар браконьерлер үшін қолжетімді бола түседі. Осыған байланысты Комитет әсірленген кінктерді азықтандыруды қолдауға биотехникалық іс-шараларды да жүргізуде. Азаматтарға әсірленген жабайы жануарларды байқаған жағдайда ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетіне мұна нөмір бойынша 8 777-678-52-52 немесе «Охотзоопром» ӨБ-ге (8 775-569-92-21) хабарлауға болады.

Еске салайық, Қазақстанда кінктердің Орал, Бетпақдала және Устірт популяциясы мекендейді. 2019 жылғы есеп бойынша кінктердің саны 334 мыңға жетті. 2020 жылдың көктемінде енгізілген шектеулерге байланысты есеп жүргізілген жоқ. Алайда 2020 жылғы кінктердің қойлайы төлін ескерте отырып, бүгінгі күні олардың саны 450 мыңнан астам басқа құрайды деп болжауға болады.

Бір қуналарлық жағдай, ҚР Үкіметінің Қаулысымен Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің құрамында Балық шаруашылығы



комитеті құрылды. Саланың жексе ведомствоға біріктірілуі жақында қабылданған балық шаруашылығын дамытудың 2030 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын тиімді жүзеге асыруға, балық өсіру, тұтыну және экспорт көлемін жоспарға сай арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекет басшысы 2020 жылдың қыркүйек айындағы Жолдауында Қазақстанның балық шаруашылығындағы әлеуеті зор екеніне ескерте отырып, оны дамытуға аса мән беру қажеттігін айтқан.

Еске салайық, елімізде Ауыл шаруашылығы министрлігі құрамында болған Балық шаруашылығы комитеті 2014 жылы таратылған. Одан бері балық ресурстарын қорғау, тиімді пайдалану және көбейту саласындағы мемлекеттік саясатты Экология министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар әлемі комитеті жүргізіп келеді.

Салаға қатысты міндеттердің комитет пен жергілікті атқарушы органдарымен және балық шаруашылығындағы өзін өзі басқару субъектілерінің арасында бөлінуі орталықтандырылған түрде тиімді жұмыс істеуге келерін келтіреді.

Ал жұмысты жүйелі түрде жүргізу арқылы мемлекеттік ресурстарында көрсетілгендей сү ресурстарындағы балық өсіру көлемі 600 мың тоннаға жеткізуге болады. Балық экспортын 300 мың тоннаға дейін арттыру жоспары да бар. Ол үшін 545 жаңа балық шаруашылығы құрылып, 323 шаруашылық толық жобалық қуатына шығады. Қазіргі уақытта жаңа комитеттің алдында мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыруға мән ашатын саланы мемлекеттік қолдау аясын кеңейту, заннамын жетілдіру, балық жемі өндірісін жою жоқ, қадарлық қамтамасыз ету жұмыстарын атқару міндеттері тұр.

Қазақ газеттері және шығарушы: «ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі  
Бас директоры – Редакторлар кеңесінің төрағасы Шымылдин ПАТТЕЕВ  
Қайыратуы Бөлмесі 272-87-30  
Жарнама бөлмесі 267-00-44  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
E-mail: kaz\_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR  
Бас редактор АҚСТАЖАНОВ  
Бас редактордың орынбасары – Жұртпақы ҚАЛЫ  
Рынак САҒИНАБЕКОВА  
Бөлім редакторлары: Ботагөз ӨБДІРХАЙҚЫЗЫ, Истан ҚАМБАРОВ, Нұрлан ҚҰМАР  
Бетшеуі: Ернар ОРМАНОВ  
«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдері: Ақтөбе облысында: Жанғабай Қазақбаев 8 771 769-63-22  
Маңғыстау облысында: Бектур Телуғалиев 8 701 774 2141  
Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында жасалды. Оффсетті басылды.

АҚПАЛДАСТАР АЛҚАЖЫ:  
АЛШАНОВ Рахман  
ӘБДИМАННОВ Саркелгали  
БЕКҚОЛПАТҒЫ Желібай  
ЕСПІЛОВ Тілекес  
ҚАЛИЕВ Ғани  
НҮРСЕЙІТ Айтқали  
САГАДИБЕК Қызылғали  
САЛПАРБЕК Өзбекжанар  
САТЫБАЛДИН Саңықбай  
ТЕМІРБЕКОВ Нұрлан

Тапсырыс: 1502.  
Таралымы: 5000.  
Газет атпасына 1 рет шығады.  
Газет «Дәуір» РТБК ЖШС-да басылады.  
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17/1.  
Тел.: 273-50-53.

МЕМЕН ЖАЙЫЛЫС:  
050013, Алматы қаласы,  
Жетісу ауданы,  
175-А кешені,  
463-Бөлме (Пошта) №  
тел.: 272-87-84  
404-Бөлме (Бас редактор)  
тел.: 267-36-11  
факс: 272-86-11

E-mail: kazgazeta@mail.ru  
www.tengemonitor.kazgazeta.kz  
www.kazgazeta.kz  
www.kazgazeta.kz  
Рынак САҒИНАБЕКОВА